

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» КММ**

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» білім беру қызметтерін алушыларға ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие және оқыту қызметтерін көрсетушілер тізімін өзектендіру мақсатында құжаттар жаңартылуда. Тізім Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы бекітілген «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» № 372 бұйрығына сәйкес жасалуда.

Мектепке дейінгі ұйымдар өзектендіру үшін келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Алгоритмге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
 - 2) МДҰ басшының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау жүйелерінің, автоматты өрт жүйесінің, дабыл түймесінің, дауыстық хабарлаудың және домофон жүйесінің болуы туралы ақпаратты;
 - 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету ұйымымен шартты (сиымдылығы үш топқа дейін) немесе медициналық қызметке арналған лицензия;
 - 4) Педагогтік немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы штат кестесінің және құжаттарының көшірмелерін;
 - 5) ғимаратты/үй-жайларды жалдау шартының көшірмесін (бар болса) ұсынады.
 - 6) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталуы немесе тоқтатылуы туралы хабарламаларды;
 - 7) "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/ке бұйрығына сәйкес МДҰ-ның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігін;
 - 8) Қызмет көрсетушілердің тізбесіне енгізу үшін құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешектің болмауы (болуы) туралы мәліметтерді қабылдайды және бар-жоғын, жарамдылығын тексеруді жүзеге асырады
- Конкурсқа ұсынылатын құжаттар Құлан ауылы, Жібек жолы көшесі №73 мекен-жайында орналасқан «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне мөрленген, жабық конвертте өткізілуі тиіс.

Құжаттарды өзектендіру үшін өтініштерді қабылдаудың соңғы мерзімі 2025 жылдың 19 желтоқсаны сағат 18.00-ге дейін №21 кабинетте қабылданады.

Комиссия шешімі <https://kulanabb.kz> сайтында жарияланады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 87013274805 телефоны арқылы алуға болады.

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндетін атқарушы**



А.Базарқұлова